

Салық төлеушілерді сыныптау және оларға код беру жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 6 қазан N 1362.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.10.20. N 4119
Жарлығымен. ~U984119

Қазақстан Республикасында салық жүйесін нығайта түсу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап салық төлеушілерді тіркеу нөмірлерінің жүйесін енгізсін.
2. Салық төлеушілерді сыныптау және оларға код беру жүйесі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1993 жылғы 1 желтоқсанға дейін банк құжаттарының нысандарына міндетті түрде салық төлеушілердің тіркелу нөмірлерін енгізуді көздерсін.
4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақстан

Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы. 1993 ж. 6 қазан
N 1362

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 6 қазан
N 1362 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында салық төлеушілерді

сыныптау және оларға код беру жүйесі туралы
Ереже

1. Негізгі қағидалар

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бөлімшелерінде салық төлеушілерге бірыңғай код берілуін қамтамасыз ету және барлық банктер, жинақ банкілері мекемелерімен, нотариалды кеңселерімен осы кодтар бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында жасалған.

Бір ғана тұрақты нөмір арқылы әрбір салық төлеушінің теңдестірілуі салық қызметінің компьютерлік жүйесін құрудың негізгі шарты болып табылады.

Салық төлеушілердің тіркеу нөмірлерін (СТН) енгізу;
салық төлеушілердің есебін жүйелендіру мен ретке келтіру;
деректердің компьютерлік өңделуін қамтамасыз ету;
салық төлеушілердің заңдылықты сақтауы жөніндегі ақпаратқа сыналап тексеру жүргізу;

төменгі салық инспекциялары арасында көлденең ақпарат алмасуын қамтамасыз ету;

салық инспекциялары бөлімшелерінің арасында тігінен жедел ақпаратты дер кезінде алу мақсатында жүргізіледі.

2. Аудандық бөлінуі жоқ аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық инспекцияларында салық міндеттемелері туындаған кезде салық төлеушіге - заңды ұйым мен жеке адамға СТН беріледі.

3. Салық төлеушілерге СТН берудің тәртібін және оны іске

қосудың тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы реттейді.

4. Салық төлеушінің СТН-і банкілік төлем құжаттарында міндетті түрде көрсетілуге жатады.

5. Нотариалдық кеңселер жеке адамдар үшін сыйлау, мұраға қалдыру, сатып алу-сату операциялары жөніндегі құжаттарды ресімдегенде СТН-ді қоюға тиіс.

6. Осы Ереже 1994 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енгізіледі.

2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірінің құрылымы

7. СТН-ді белгілеуде код берудің фасеттік жүйесі қабылданған.

СТН құрылымы мына үлгіден көрінеді:

XX XX

! __ облыстың коды ! __ салық инспекциясының нөмірі

XX XX XX

! __ заттық фасет ! __ рет нөмірі ! __ бақылау саны

Бірінші фасет - облыстың коды. Код беру үшін "Әкімшілік-аумақтық органдарды белгілеудің жүйесі (ӘАОБЖ) жалпыодақтық сыныптау кодының 3,4 разрядтары пайдаланылады. Код беру жүйесі ретімен келеді.

Екінші фасет - салық инспекциясының нөмірі. Код беру жүйесі ретімен келеді . Салық инспекциясының тізбесі мен нөмірлері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінде қабылданған облыстар аудандарының кодтарына сәйкес болады.

Үшінші фасет - заттық фасет. Код беру жүйесі сериялы -ретімен келеді.

Заңды ұйымдар үшін сериялар ішінен код беру - Қаржы министрлігінің жүйесінде бекітілген кәсіпорындар топтары бойынша; жеке адамдар үшін - салық инспекцияларында қабылданған салық алынатын аумақтық шағын учаскелер бойынша жүзеге асырылады.

Төртінші фасет - заттық фасет ішіндегі салық төлеушінің реттік нөмірі.

Бесінші фасет - "II модуль" алгоритмі бойынша нөмірлер цифрлары кезектілігінің дұрыстығын бақылайтын сан.

3-ші және 4-ші фасеттер ішіндегі нөмірлер серияларының бөлінісін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы жүзеге асырады.

3. Салық төлеуші заңды ұйымның тіркеме нөмірі

8. Аудандық бөлінуі жоқ аудандар, қалалар бойынша және қалалардағы аудандар бойынша салық инспекцияларында тіркелу кезінде салық төлеуші заңды ұйымдарға СТН беріледі:

9. СТН салық төлеушінің барлық салықтық міндеттемелері бойынша бірыңғай болып табылады.

10. Заңды ұйымды салық инспекциясы өзінің офисі орналасқан жерде тіркейді. Салық инспекциясы салық төлеушіні тіркеген кезде оған тіркелуі туралы анықтама береді, онда оның СТН-ны туралы хабарланады және төлем мен басқа құжаттарда СТН-ы толтырудың тәртібі, оның салықтық міндеттемелері түсіндіріледі.

11. Салық төлеуші есеп құжаттарында және банкілік төлем құжаттарында өзінің тіркелген нөмірін дәлме-дәл және айқын толтыруға міндетті.

4. Салық төлеуші жеке адамның тіркеме нөмірі

12. Аудандық бөлінуі жоқ аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық міндеттемелерінің туындауы фактісі жөнінде салық инспекцияларында тіркелген кезде СТН салық төлеуші жеке адамдарға беріледі.

13. СТН салық төлеушінің барлық салықтық міндеттемелері бойынша бірыңғай болып табылады.

14. Жеке адамдарды салық инспекциясы жеке адамның негізгі тұратын жері бойынша тіркейді.

Тұрағы негізгі болмай салық міндеттемелері туындаған кезде салық төлеуші оның туындаған жері бойынша қосымша тіркеледі. Салық төлеушіні тіркеген салық инспекциясы оның негізгі тұратын жеріндегі салық инспекциясын хабардар етуі тиіс. Салық инспекциясын хабардар етуі тиіс. Салық инспекциясы салық төлеушіні тіркеген кезде оған тіркелуі туралы анықтама береді, онда оның СТН-сы хабарланады және төлемдік құжаттарда СТН-ы толтырудың тәртібі мен оның салықтық міндеттемелері түсіндіріледі.

15. Негізгі тұрағы болып саналмайтын облыс аумағында коммерциялық-кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде салық төлеуші негізгі тұратын жері және қызмет орны бойынша тіркелуге тиіс.

16. Жылжымайтын мүлікті мұраға алған Қазақстан Республикасының азаматтары құрылыс жайы немесе жер учаскесі орналасқан аумақтағы салық инспекциясында тіркелуге міндетті.

17. Қазақстан Республикасының аумағында табыс табатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар СТН бойынша басқа мемлекеттердің азаматтары ретінде ескерілуі және өздері коммерциялық-кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырып жатқан аумақтағы салық инспекциясында тіркелуі тиіс.

18. Жылжымайтын мүлікті мұраға алған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар құрылыс жайы немесе жер учаскесі орналасқан мекеніне қарай басқа мемлекеттердің азаматтары ретінде СТН бойынша ескерілуі тиіс және құрылыс жайы немесе жер учаскесі орналасқан аумақтағы салық инспекциясында тіркелуге міндетті.

19. Салық төлеуші салық декларацияларында және банкілік төлем құжаттарында өзінің тіркелген нөмірін дәлме-дәл және айқын толтыруға міндетті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК